

## **Тақырыбы: Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті**

### **Куратор сағатының мақсаты:**

Тәрбиелік – студенттердің өз Отанының мәдениетіне және өз халқына деген жоғары сезімдерін қалыптастыру, оның тарихының маңыздылығын сезіну.

Оқытушылық – өз Отанының тарихы, мәдениеті бойынша білімді жалпылап қорыту, тереңдету және бекіту.

Дамытушылық – саяси ойлау қабілетін қалыптастыру, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.

### **Міндеттері:**

1. «Отан», «мәдениет», «азамат», «патриот» ұғымдарының мәнін ашу.
2. Азаматтық мақтаныш сезімін қалыптастыру.
3. Студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруына мүмкіндік туғызу.

**Материалдық-техникалық жабдықтау:** мемлекеттік рәміздер бейнеленген плакаттар, Қазақстан мен Астананың сәулеттік ғимараттарының иллюстрациялары мен фотосуреттері, Қазақстан Президентінің және мемлекеттік қайраткерлерінің портреттері, жеңімпаздарға арналған грамоталар. Тақтаға турлардың аты және викторинаның тапсырмалары жазылған плакаттар ілінген.

**Өткізу түрі:** «XXI ғасыр көшбасшылары» ойыны.

### **Куратор сағатының уақыт бойынша құрылымы (50 минут):**

1. Ұйымдастыру сәті – 3 минут.
2. 1 тур – Бәйге (15 минут).
3. 2 тур – Кедергі (17 минут).
4. 3 тур – Мәре (12 минут).
5. Қорытынды шығару (3 минут).

### **Куратор сағатының барысы**

**Ұйымдастыру сәті.** Куратор викторинаны өткізу ережелерін, алдағы жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айтады.

### **Бірінші тур – Бәйге**

Бірінші тур тестілеу түрінде өтеді. Қатысушыларға жауаптарының нұсқа-ларымен бірге 10 сұрақ беріледі. Әрбір сұраққа ойлануға 5 секунд беріледі. Берілген сұраққа бір топ жауап бере алады. Әрбір дұрыс жауап үшін 5 балл.

*Сұрақтар:*

1. Сфрагистика деген не?

а) монеталар туралы ғылым

б) елтаңбалар туралы ғылым

в) тулар туралы ғылым\*

2. Қазақстанның Туын жасаған кім?

а) Шәкен Ниязбеков\*

б) Мұқан Төлебаев

в) Латиф Хамиди

3. Қандай тарихи ғылым әр түрлі елдердің елтаңбаларын зерделейді?

а) геральдика\*

б) фитонимия

в) антропонимика

4. Қазақстанның мемлекеттік символдары қайда сипатталған және оларды ресми пайдалану тәртібі?

а) энциклопедияда

б) конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің жарлығында\*

в) тарих бойынша оқулықтарда

5. ҚР мемлекеттік елтаңбасы мен туының эталоны қайда сақталады?

а) БҰҰ-да

б) Қазақстанның әрбір ұйымында

в) ҚР Президентінің Резиденциясында\*

6. ҚР Тәуелсіздігі күнін азаматтар ... атап өтеді

а) 30 тамызда

б) 25 қазанда

в) 16 желтоқсанда\*

7. О. Сүлейменовтің «Жер, адамға тағзым ет» поэмасы кімге арналған?

а) Әуезовке

б) Гагаринге\*

в) Олжас Сүлейменовке

8. Астананың көшірілуіне байланысты қалада оны көгалдандыру бойынша жұмыстардың маңызды көлемі орындалды. Астананың символы қандай ағаштар болуы тиіс еді?

а) жөке, емен, үйеңкі

б) қайың, терек, шырша\*

в) емен, шетен, терек

9. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін ... жариялады:

а) 1991ж.\*

б) 1992ж.

в) 1993ж.

10. Мемлекетпен құрылған холдингтік компания қалай аталады?

а) Самрұк\*

б) Испат-Кармет

в) Транс-Ойл

Куратор 1 турдың қорытындысын шығарады.

**Екінші тур – Кедергі**

Куратор – Бір кітапта Қазақстанның құрылуы туралы таңқаларлық аңыз бар: *«Құдай дүниені жаратқан күндері аспан мен жерді, теңіздер мен мұхит-тарды, барлық елдерді, барлық материктерді жарыққа шығарды, ал Қазақ-стан туралы ұмытып кетіпті. Тек соңғы минутта ғана есіне түседі, ал оған материал қалмаған. Ол жылдам ғана Америкадан бір шөкім, Италияның құр-тақандай бөлігін, Африка шөлінің бір бөлігін, Кавказдың бір жолағын қамтып, олардың барлығын қосып, Қазақстанға тиесілі орынға әкеліп жабыстырды».*

Бұл аңызға сенбеу мүмкін емес, өйткені біздің таңғажайып елімізде барлығын: тәңір лағынет айтқандай, мәңгі жалаңаш болып тұратын, сусыз шөл даланы да және көркем тауларды да, жағасы көрінбейтін теңізбен шағылысатын көк аспанды да, тамаша рухтандыратын ормандарды да табуға болады. Қазақстан шынында да Еуразияның этнографиялық зертханасы. Қазақстанның өзгешелігі мынада: дамыған ел ретінде де (халықтың жалпыға міндетті сауаттылығы, ғылыми-зерттеу сферасының кең желісі, ғарыштық зерттеу), дамушы ел ретінде де (бұл экономиканың шикізаттық бағытталғандығы, көптеген аудандардың экологиялық ластанғандығы, шетелдік инвестициялар-дағы және жаңа технологиялар импортындағы қажеттілік) ерекшеліктерді иеленеді. Осының барлығының жиынтығы біздің әлемдік қауымдастықтағы орнымызды, Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясын анықтайды.

«Кедергі» деп аталатын екінші турда Сіздерге география, тарих, экология, саясат, спорт, этнос, символдар және белгілер, Қазақстан және әлемдік қоғам сияқты бағыттар бойынша сұрақтар ұсынылатын болады.

Бірінші турда жеңген топтың сұрақты бірінші болып таңдау құқығы бар, сұрақты ойлануға 15 секунд беріледі, уақыт өткен соң жауаптар қабылданады. Егер қатысушылар сұраққа жауап бере алмаса, онда сұрақ жауап беруге әзірлігі туралы бірінші болып сигнал берген екінші топқа ауысады. Келесі сұрақты бірінші турдың қорытындылары бойынша екінші топ таңдайды. Әрбір дұрыс жауап үшін 10 балл есептеледі.

### **География**

1. Қазақстан қандай мемлекеттермен шекараласады (Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Түркіменстан)?
2. Қазақстанның аумағы қандай? (2 млн. 717 мың кв. км.)
3. Қазақстанда неше облыс бар? (14)
4. Қазақстан аумағының көлемі бойынша әлемде нешінші орынды алады? (9)
5. Қазақстанда қанша адам тұрады? (15 млн. адам)

### **История**

1. Археологтар «Алтын адамды» қайдан тапты? (Есіктен)
2. Томирис патшайым қай тайпадан болған? (Сак)
3. Қазақ хандығы қай ғасырда құрылған? (XV ғасыр)
4. Құрамына Ә. Бөкейханов және оның серіктері кірген партия қалай аталған? (Алаш)
5. Қазақстанның жаңа әнұраны алғаш рет қашан орындалды? (2006 жылғы 11 қаңтар)

### **Экология**

1. Қай қаланың ауданында ядролық полигон орналасқан? (Семей)
2. Мысық тұқымдас аң, Қазақстанның эмблемасы, Қызыл кітапқа енген (Барыс).
3. Қазақстандағы құрып бара жатқан теңіз қалай аталады? (Арал)

### **Қазақстан және әлемдік қауымдастық**

1. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің егемендігі туралы жариялады. Егемендік деген не? (Тәуелсіздік)
2. Қазақстанның тәуелсіздігін неше мемлекет мойындады? (120-дан астам)
3. Әлемнің көптеген елдерінде тұратын қазақтардың этникалық Отанын атаңыз? (Қазақстан)
4. Дүние жүзінде Қазақстанның шекарасынан тыс қанша қазақ тұрады? (14 млн.)
5. Қазақтардың бүкіләлемдік съезі қалай аталады? (Құрылтай)

### **Саясат**

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құрылым қандай? (унитарлық)
2. ҚР Конституциясына сәйкес Президент қандай мерзімге таңдалады? (5 жыл)
3. Президенттің соңғы сайлауы қашан болды? (2005 ж. 5 желтоқсан)
4. Қазақстанда қандай білім тегін? (барлық білім беру сатылары)

## **Спорт**

1. Қазақстандағы атақты спорттық мұз кешені қалай аталады? (Медеу)
2. Олимпиада ойындарының туында қай түсті дөңгелек Азияның символын білдіреді? (көгілдір)
3. Ежелгі қазақстандық кенттер қазбаларында археологтар қандай ойынның фигураларын тапты? (тоғыз-құмалақ)

## **Этнос**

1. Түйе сүтінен дайындалған қазақтардың сүйікті сусыны? (шұбат)
2. Ақындардың сайысы қалай аталады? (айтыс)
3. Қазақстанның қай халқында "бигос" тамағы бар? (поляктарда)

## **Символдар және белгілер**

1. Қазақстанның ресми Елтаңбасының түсі бойынша орындалуында неше түс бар? (екі – алтын және көгілдір)
2. Қазақстанның ресми Елтаңбасының түсі бойынша орындалуында неше түс бар?
3. Әнұран қандай әнге жатады? (салтанатты)
4. Мемлекеттік символдардың қайсысында шаңырақ бейнеленген? (Елтаңбада)
5. ҚР қазіргі әнұранының бастапқы сөздерінің авторы? (Шәмші Қалдаяқов)

Куратор 2 турдың қорытындысын және екі турдағы ортақ баллды шығарады.

## **Үшінші тур – Мәре**

Берілген турда студенттерге фольклорға, мәдениетке және сәулет өнеріне қатысты сұрақтар беріледі. Әрбір дұрыс жауапқа 5 балл есептеледі. Жауап беруге әзірлігі туралы бірінші болып сигнал берген топ жауап береді.

1. Қандай тағам қазақтардың ұлттық тағамы болып табылады, бұл қандай тамақ? (Ет тағамы - бесбармақ)
2. Қандай ұлттық салт туралы сөз болып отыр?

Ғасырдан да көне бұл дәстүр –

Той жасаса дәстүрі ғой халқымның

Теңге, кәмпит шашу қылып шашады!

Солға – сәттілік, оңға – табыс шашады,

Тілек айтылып, шашу шашылып жатады.

Шашу шашып думандатқан халықпыз,

Қадір тұтқан салты мен дәстүрін! (Шашу)

3. Гүл - Наурыз символы? (Қызғалдақ)

### **Фольклор**

1. Қазақ ертегілерінің танымал әзілқой кейіпкері қалай аталады? (Алдар-Көсе)
2. Қазақтың суырып салма әншісі қалай аталады? (Ақын)

### **Сәулет өнері**

1. Ғимараттарды жобалау және тұрғызу өнері қалай аталады? (Сәулет өнері)
2. Оңтүстік Қазақстан аумағында орналасқан сәулет өнерінің осы ескерткіші 600 жыл бұрын салынған, биіктігі 40 метр? (Қожа Ахмед Яссауи кесенесі)
3. Бұл ғимарат Алматыда 1999 жылы салынған. Құрылысқа Түркиядан, Италиядан, Чехиядан шеберлер қатысқан. Оның орталық залында бір мезгілде 2200 адам намаз оқи алады (Орталық мешіт).

Куратор 3-турдың қорытындысын және үш тур бойынша жалпы баллды шығарады.

### **Қорытынды шығару**

Куратор – Сонымен, бұл тур соңғы тур болды. Жюри соңғы баллдарды есептегенше,

қатысушылардың бір-бірінің қолын алып, алғыс білдіруіне мүмкіндік береміз. Сөз қорытынды шығару және грамоталарды тапсыру үшін жюриге беріледі.

**Қосымша сұрақтар**

1. Теңіз көліне құятын ең ірі өзенді атаңыз? (Нұра)
2. Қазақстанның қандай су қоймасында итбалықтар бар? (Каспий теңізі)
3. Қарағанды облысының аумағындағы осы ең ежелгі қаланың аты қазақтың бас киімінің атауынан шыққан? (Қарқаралы)